

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ

Педагогикалық кеңес хаттамасы № 1

14 тамыз 2025 жыл

Қатысқандар:
педагогикалық ұжым (барлығы 149 адам)

Күн тәртібінде:

1. Мектеп-интернаттың мемлекеттік аттестаттаудан өтуі туралы

Тыңдалды:

Абдрашев Б.Т. – мектеп директоры

Ол төмендегі мәселелерге тоқталды:

2024 жылы 4 қараша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін республикалық білім беру ұйымдарының 2024 жылы 28 қазанда бекітілген тізбесі уәкілетті органның сайтында жарияланды. Осы кесте бойынша 2025 жылы қазан айында мектеп-интернат мемлекеттік аттестаттаудан өтетінін айтты.

Осыған байланысты ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығының қосымшалары негізінде 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында атқарылған жұмыстарға мониторинг жасалуы керек екенін айтты.

Сонымен қатар, мектептің аттестаттауының бірінші кезеңі бойынша мектептің бітіруші 4 және 9-сыныптарының оқушылары 2025 жылдың қыркүйек айында оқу нәтижелеріне бағалау жүргізілетінін мәлем етті. Тестілеу нәтижесі 40% жоғары болу қажеттігін айтты.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттаудың өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзі бағалау өткізетінін мәлімдеді.

Мусрепова М.С. – директордың оқу жөніндегі орынбасары

Ол мектепте өзін-өзі бағалау жүргізу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен Әдістемелік нұсқаулыққа сай жүргізілетіні туралы айтты. Аталған құжат бойынша барлық бағыттағы жұмыстар сараланады. Осыған орай мектепті өзіндік бағалау комиссиясы құрылады. Комиссия жұмысын тиімді ұйымдастыру мақсатында бөлім басшылары, жауапты қызметкерлер тиісті ақпаратты дер кезінде беріп отыру қажет деді.

Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясына енгізілетін кандидатураларды анықтауды ұсынды.

Мектеп қызметкерлері комиссия құрамы бойынша ұсыныстар жасады. Ұсыныстар талқыланды. Комиссия құрамына мектеп әкімшілігі және келесі педагогтер ұсынылды:

1. Султанова Б.А. – камералық ансамбль және кварет бөлімінің педагогі, меңгерушісі,
2. Люберцева Э.В. – міндетті фортепиано бөлімінің педагогі, меңгерушісі,
3. Бахтыбаева К.А. – халық аспаптары бөлімінің педагогі,
4. Мукушева Г.К. – музыка теориясы, тарихы және композиция бөлімінің педагогі – ,
5. Кундакбаева Г.Б. – музыка теориясы, тарихы және композиция бөлімінің педагогі, музыка бөлімі әдістемелік кеңесінің төрайымы,
6. Молдыбева Ш.Б. – тарих және қоғамтану пәндерінің педагогі,
7. Султанова Б.К. – химия-биология пәнінің педагогі.

Жоғарыда айтылған мәселелерді талқылай келе, педагогикалық кеңес бірауыздан қаулы етті.

Ш Е Ш І М І:

1. Мектеп-интернатта өзін өзі бағалау жұмыстарын жүргізу мақсатында комиссия құрылсын. Комиссия құрамына жоғарыда аталған қызметкерлер енгізілсін.
2. Комиссия мүшелері 2025 жылдың 20 тамыз – 20 қыркүйек аралығында ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығы және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына сәйкес мектепте өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізісін.
3. Өзін өзі бағалау анықтамасы 2025 жылғы 20 қыркүйек күні педагогикалық кеңесте қарастырылсын.

Төрағасы:

Абдрашев Б.Т.

Хатшысы:

Куспанова Н.Н.